

Қазақстан Республикасы облигациясының дебюттік эмиссиясын жүзеге асыру кезінде жетекші менеджерді тағайындау туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1996 жылғы 12 маусымдағы N 731

"1966 жылға арналған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 21 желтоқсандағы N 2700 U952700_ Заң күші бар Жарлығын орындау үшін және халықаралық капитал рыноктарында Қазақстан Республикасы дебютінің табысты болуын қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 1995 жылғы 15 желтоқсандағы N 518 өкіміне сәйкес құрылған жұмыс тобының халықаралық капитал рыноктарында Қазақстан Республикасының дебюттік эмиссиясын жүзеге асыру кезінде жетекші менеджер етіп ABN AMRO Hoare Govett тағайындау туралы шешімі бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі:

заң кеңесшісі қызметіне, ABN AMRO Hoare Govett комиссиялық және дебюттік эмиссияны қамтамасыз ету жөніндегі басқа да шығыстарын 1996 жылға арналған республикалық бюджетте сыртқы экономикалық қызметтерге көзделген қаражат есебінен төлеуді қамтамасыз етсін;

үш күн мерзімде ABN AMRO Hoare Govett жетекші менеджердің мандатын берсін.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі